

Тіркелген бірыңғай салық ставкасын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 ақпандағы N 10-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 13 наурызда N 7-5-84 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 ақпандағы N 19-4 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2010.02.23 N 19-4 Шешімімен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексін және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жаңақала ауданында айына салық салу бірлігіне тіркелген бірыңғай салықтың ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Жаңақала аудандық Мәслихатының "Тіркелген жиынтық салық ставкасын бекіту туралы" 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 3-7 шешімінің (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-5-60 2008 жылғы 9 ақпандағы "Жаңарған өңір" газетінде жарияланған) күші жойылсын.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2009.04.20 N 11-4 Шешімімен.

3. Жаңақала аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 20 қазандағы N 8-7 "2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 3-7 "Тіркелген жиынтық салық ставкасын бекіту туралы" Мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-5-74 тіркелген, 2008 жылғы 6 желтоқсандағы "Жаңарған өңір" газетінде N 51 жарияланған) күші жойылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

С. Т. Мұхамбетжанова

Р. А. Саматов

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 24 ақпандағы
N 10-3 шешімімен бекітілген
қосымша

Жаңақала ауданының айына салық салу бірлігіне тіркелген бірыңғай ставкалары

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айылық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК